



## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 қаңтардағы N 534 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:  
бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын  
өзірлесін және бекітсін;

Қазақстан Республикасының Президентіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы кемінде жарты жылда бір рет баяндап отыратын болсын.

3. Осы Бағдарламаның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2001 жылғы 5 қаңтардағы  
N 534 Жарлығымен  
Бекітілген

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

### 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы	
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	"1999-2005 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2028-124 өк
қаулысы	
Бағдарламаның	Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік үйлестірушілері Keңесі, Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігі	
Бағдарламаның	Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік негізгі әзірлеушілері Keңесінің Экономикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бөлімі, Бас Прокуратура, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық банк, Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік, Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі, Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция жөніндегі комитеті, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қолдау және шағын бизнесті қорғау жөніндегі агенттік

Бағдарламаны іске асырудың мерзімдері мен кезеңдері - 2001-2005 жылдар: 1-кезең - 2001-2003 жылдар, 2-кезең - 2003-2005 жылдар  
Бағдарламаны қаржыландыру көздері мен донор елдердің ресурстары Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, халықаралық ұйымдар

## 2. КІРІСПЕ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасының 2005 жылға дейінгі ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік саясат мәртебесі берілген кезден бастап оны жүзеге асыру жөніндегі ұйымдастырушылық және құқықтық жұмыс жалпы жүйелі әрі кешенді сипатқа ие бола бастады.

Осы Бағдарлама бұрынғылардың қисынды жалғасы бола отырып, бірінші кезекте, сыбайлас жемқорлықты туғызатын жағдайларды, ең алдымен экономикалық салада, анықтау мен оларды жоюдың тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған іс-шараларды көздейді.

Бағдарламаны іске асыру:  
пәрменділік пен нәтижелілік,  
іске асырушылық (орындаушылық),  
атаулы бағыттылық (жауапкершілік),  
сабақтастық,  
тұрақтылық,  
кешенділік,

жүйелілік сияқты негізгі принциптерді сақтай отырып, ұйымдастыру іс-шараларының кең ауқымды кешенін әзірлеу мен орындауды көздейді.

Бағдарламада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдардың ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғам институттарының да жауапкершілігін арттыруға мән беріліп отыр.

Бұл жұмыста сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік саясатты іске асырудың барысын кеңінен және объективті көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды белсенді насихаттау мен түсіндіру, қоғамда қылмыстылық пен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру міндетін атқаратын бұқаралық ақпарат құралдарына айрықша рөл беріліп отыр.

Z980267\_ Z990453\_ U990321\_ U973731\_ U984157\_ U000377\_ U920684\_

Аталған проблеманы шешуде биліктің барлық тармақтары мен азаматтық қоғам институттарының әлеуметтік әріптестігі елдегі сыбайлас жемқорлықты күрт төмендетуге, қоғамның моральдық ұстындарын сауықтыруға бағытталуға т и і с .

Мемлекет Қазақстанда өркениетті қоғамды орнатуға жәрдемдесетін халықаралық ұйымдардың көмегіне сүйенеді.

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының 2005 жылға дейінгі ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарымен, Қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасымен қатар іске асырылатын болады.

### **3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы мақсатты мемлекеттік саясат қоғамның мұндай көріністерге ымырасыздығымен қосылып, аталған проблемаға қозғау салды.

Құқық қорғау мен арнаулы органдардың функцияларын ажырату әрі нақтылау, олардың құрылымдарын оңтайландыру олардың қызметіндегі тежеулер мен қарсы әсерлер жүйесін жетілдіру сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке тартылған қызметкерлердің кәсіби өсуіне, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға көмектесті.

Құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің сақтандыру және алдын алу шараларын күшейтуі сыбайлас жемқорлыққа қарсы одан әрі шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды. Сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейдегі көріністерін белгілі бір дәрежеде төмендетуге қол жетті.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын , мемлекеттік қызмет туралы заңдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларын іске асыру мемлекеттік қызметшілердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік туғызды. Z990453\_ U990321\_

Сыбайлас жемқорлықтың көрініс беруіне қоғамның төзбеушілігінің өскені байқалады. Азаматтық қоғам институттары мен жұртшылық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке барған сайын көптеп тартылуда.

Елеулі саяси, экономикалық және әлеуметтік зардаптарға әкеп соғатын ең қауіпті құбылыстың бірі бола отырып, сыбайлас жемқорлық серпіні Қазақстанда б ә с ең д е у г е а й н а л д ы .

Сонымен бір мезгілде, мемлекеттік саясаттың бұл бағыттағы оң үрдістерімен қатар шешілмеген проблемалардың да бар екені байқалады.

*Біріншіден, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан*

Республикасының Заңын қабылдау сыбайлас жемқорлық арқылы құқық бұзушылыққа қарсы күрестің бастапқы кезеңінде оң серпіліс берді. Алайда соңғы екі жылдағы құқық қолдану практикасы, әсіресе экономикалық процестерді, шаруашылық субъектілерінің қызметін құқықтық реттеу саласында бірқатар жаңа заңдар қабылдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін көрсетті.

*Екіншіден*, кең өрістетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет белгілі бір дәрежеде төменгі деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың туындауын қысқартты. Алайда мемлекеттік қызметшілердің неғұрлым биік деңгейлері - жоғары және орта буындары мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданып жүрген шараларымен қамтудан әлі де тыс қалып отыр.

Мемлекеттік органдарды қайта құрудың өзін ақтамаған практикасы, белгілі бір басшының "командасын" жасақтау негіздері бойынша кадрларды бей-берекет ауыстыру "уақытша адам" таптауының туғызады, сөйтіп сыбайлас жемқорлықтың белең алуына жағдай жасайды.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметті жетілдіру мен мемлекеттік қызметшілерді іскерлік пен кәсіптік қасиеттеріне қарай қабылдап, жылжыту принциптерін енгізу жөнінде қосымша шаралар кешені талап етіледі.

*Үшіншіден*, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бастапқы кезеңінде мемлекеттік органдардың қызметі оның зардаптарына қарсы күреске бағытталған болатын. Көп күш-жігер сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою жөніндегі жүйелі жұмысқа емес, оның жекелеген көріністерінің жолын кесуге жұмсалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аталған кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың орта мерзімдік бағдарламасында, ең алдымен экономика саласында, сыбайлас жемқорлықты туғызатын жағдайларды анықтау мен оның шеңберін тарылтуға бағытталған кең ауқымды әрі нақты іс-шаралар көзделуге тиіс.

*Төртіншіден*, материалдық-техникалық жабдықтаудың нашарлығы, құқық қорғау органдары мен сот қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық қорғалуының жеткіліксіздігі, олардың өз қатарындағы сыбайлас жемқорлық деңгейінің жеткілікті жоғары болуы, басқа факторлармен бірге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның іске асырылуын белгілі бір дәрежеде тежеп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске тікелей қатысушы тәуелсіз сот жүйесі мен құқық қорғау органдарын едәуір нығайту қажет.

*Бесіншіден*, азаматтық қоғамның мемлекеттік билік органдарына сенімінің аздығы, халықтың құқықтық білім деңгейінің төмендігінен оның әлеуметтік

белсенділіктің төмен болуы заңдар мен өзге де нормалардың нашар орындалуын ғана туғызып қоймай, қоғамдағы құқықтық мәдениетпен қоса құқықтық жауапкершіліктің дамуын да тежейді, азаматтардың өз конституциялық құқықтарын кеңінен қолдану дәстүрінің тамырлануына жәрдемдеспейді. Осының салдары ретінде төмендеген құқықтық иммунитет сыбайлас жемқорлық көріністерінен халықтың жаппай жерінуін қалыптастыра алмай отыр.

Елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес барысы туралы халықты тұрақты хабардар етіп отыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты насихаттау, арнаулы білім беру бағдарламаларын енгізу қоғамның сыбайлас жемқорлықтың көрініс беруіне төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға, билік институттарына сенімінің артуына жәрдемдесуге тиіс.

*Алтыншыдан*, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіруге бағытталған қосымша күш-жігер жұмсау қажет. Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары: заңдардың негіздерін жақындастыру, құқық қорғау саласында өзара іс-қимыл, әріптестік көмек болуға тиіс.

#### **4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Бағдарламаның басты мақсаты:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында тиімді бірыңғай мемлекеттік с а я с а т жү р г і з у ;

сыбайлас жемқорлық деңгейін, мемлекет пен жеке адам өмірінің барлық саласындағы оның көрініс беруін төмендету;  
қоғамның мемлекет пен оның институттарына деген сенімін нығайту;  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша халықаралық ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы т е р е ң д е т у .

Мақсатты іске асыру үшін мынадай басым міндеттерді шешу көзделеді:  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді құқықтық базасын қамтамасыз е т у ;

сыбайлас жемқорлықты туғызатын жағдайларды жою үшін мемлекеттік қ ы з м е т т і ж е т і л д і р у ;

мемлекеттік органдардың экономикаға ең алдымен олардың рұқсат берушілік функцияларына қатысты бөлігінде, тікелей араласуын қысқарту;  
мемлекеттік экономикалық саясат тетіктерінің барынша ашық болуына қол ж е т к і з у ;

сыбайлас жемқорлықтың көзі - "көлеңкелі экономикаға" қарсы іс-қимыл әрекет жөнінде батыл шаралар қолдануды қамтамасыз ету;  
құқық қорғау органдары мен сот жүйесін нығайту;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты насихаттау мен іске асыруда бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің рөлін а р т т ы р у ;

мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына халықтың қалың жіктерінің қатысуын қамтамасыз ету;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық ұйымдармен әлеуметтік серіктестікті күшейту.

## **5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

5.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық базасын жетілдіру

Экономикалық процестерді реттеудің түрлі саласын қамтитын әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қажетті құралдарын көздейтін заң актілерін әзірлеу ж ә н е қ а б ы л д а у .

Қолданыстағы заңдардың сыбайлас жемқорлыққа жататын құқық бұзушылықтың тізбесін неғұрлым нақты айқындайтын жекелеген лицензиялық, рұқсат беру, тіркеу рәсімдерін оңайлату, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын күшейту, мемлекеттік қызметке неғұрлым жақсы даярланған кадрларды іріктеу тетігін жетілдіру, қабылданатын басқару шешімдерінің ашықтығы мен жеделдігін қамтамасыз ету бөліктеріне өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з у .

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Z980267\_ Заңға түсініктеме д а й ы н д а у .

Заң жүзінде заң жобалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы бағытталған, соның ішінде сілтеме нормаларды жою мақсатында, реттеу мен құқықтық сараптама енгізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша заңдар мен практикалық қызметті жетілдіруге бағытталған негізделген ұсыныстарды талдап жасау мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу.

5.2. Жалпы сипаттағы практикалық шаралар

5.2.1. Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлық көріністерін шектеуге бағытталған ведомствоішілік ұйымдастыру жоспарлары мен практикалық ш а р а л а р ә з і р л е у і .

Қолданылып жүрген заңдар мен заң жобаларында мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына мемлекеттік активтерді бөлуге, мемлекет атынан жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге құқық беретін нормаларды анықтау,

оларды оңайлату мен ашықтық жағына қарай өзгерту. Осы салаларда заңнама нормаларының сақталуына бақылауды бір мезгілде күшейту.

Мемлекеттік қызметтің беделін көтеру.

Мемлекеттік қызметшілер тәртібінің этикалық нормаларын орнықтыру саясатын жалғастыру, тапсырылған жұмыс учаскесінде жеке жауапкершілікті арттыру.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің ақшалай табысын кезең-кезеңмен елеулі түрде ұлғайту.

Мемлекеттік қызметтің бірыңғай жүйесінде кадрлар резервінің тиімді пайдаланылуын және ауысып отыруын қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызметте өсіруде тамыр-таныстық пен топтық байланыстардың теріс әсерін жою.

Құқық қорғау органдары кадрларын жасақтау рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзған адамдардың мемлекеттік билік және жергілікті мемлекеттік басқару органдарында лауазым иеленуіне, неғұрлым қатаң заңдық шектеулер қою.

Мемлекеттік қызметшілердің табыстар туралы декларацияларының дұрыстығын тексеру тетіктерін жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мемлекеттік тапсырыстар мен келісім-шарттар орындауға қатысу мүмкіндігін болдырмау мақсатында олар туралы деректер банкін жасау.

Мемлекеттік, әсіресе төменгі деңгейдегі органдар қызметтерінің бір бөлігін кезең-кезеңмен аймақтарға және жеке секторға беру арқылы олардың қызметтерін бірте-бірте орталықтан алу. Биліктің мемлекеттік институттарында сайланбалылықты кеңейту, азаматтық қоғам институттарын нығайту жолымен демократиялық нормаларды енгізу.

5.2.2. Сыбайлас жемқорлықтың көзі - "көлеңкелі экономикаға" қарсы іс-қимыл

"Көлеңкелі экономиканы" төмендетуге ықпал етуші экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау, уәкілетті мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметтерінің мейлінше ашық және нақты реттелуіне қол жеткізу.

Капиталдың сыртқа кету себептерін жою және заңнаманы тұрақтандыру, бақылау-қадағалау органдары қызметінің ашықтығын, әкімшілік және экономикалық ықпал ету шараларын үйлесімді сәйкестендіру арқылы бұл қаражаттың ұлттық экономиканың нақты секторына қайтарылуы үшін жағдай жасау.

Ішкі рынокта отандық тауарлардың бәсекелестік қабілетін арттыру. Инвестициялардың, ең алдымен отандық капиталдың ел экономикасының



өндірістік саласына келуін ынталандыру.

Бюджет саласын нығайту. Бюджет тапшылығын азайту, бюджет тәртібін нығайту және бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету. Барлық деңгейде нақты және іске асырылатын бюджеттерге көшуді қамтамасыз ету.

Рынок тапшылығын кезең-кезеңмен жоюды жүзеге асыру және инфляцияны реттелетін мөлшерге дейін төмендету үшін шаралар қолдану.

Салық заңнамасына ынталандырушы, әділ және реттеуші сипат беру.

Қолдағы ақша айналымын азайтуға, соның ішінде тауар-ақша қатынасында есеп айырысудың электрондық технологиясын кеңінен пайдалануды ынталандыру жолымен жағдайлар жасау.

Заңсыз жинақталған капиталды "тазартуға" жәрдемдесетін тетіктер мен жағдайларды жою.

Ақшалай қаражатты заңсыз "қолма-қол ақшаға айналдыру" тетігін анықтау және құқықтық шектеу қою.

Валюта және экспорт-импорт операцияларына бақылаудың пәрменділігін арттыру. Осындай операцияларды кепілді қамтамасыз ету (сақтандыру) шараларын қолдану. Осы мәселе бойынша мемлекетаралық келісім негізін кеңейту.

Концессиялық келісімдердің, мемлекеттік меншік объектілерін басқаруға беру туралы, мемлекет қаражатын пайдалану туралы келісімдердің дайындалуын және орындалуын тексеру және мәнді бақылау. Мемлекеттік қаражат пен мүліктердің тозуы мен есептен шығарылуын бақылауды қамтамасыз ету.

Қаржы-өнеркәсіп топтарының қаржы қызметіне кешенді банктік бақылау енгізу.

Экономикалық қызметтің барлық салаларында барлық меншік нысандарының тең экономикалық және құқықтық жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Кеден рәсімдерін жүргізуде экспорттық және импорттық келісім-шарттардың тиеу алдындағы тәуелсіз инспекциясы жүйесін енгізу.

Шекара арқылы жүретін, соның ішінде транзиттік жүктер туралы шектес мемлекеттермен бірыңғай ақпараттық жүйелер жасау.

### 5.2.3. Мемлекеттік экономикалық саясат тетіктерінің ашықтығын қамтамасыз ету

Мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау және оларды жұртшылыққа жеткізу рәсімдерін нақты құқықтық регламенттеу. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының осы рәсімдердің сақталуына жеке жауапкершілігін белгілеу.

Мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру және мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды, жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу жүйелерін жетілдіру.

Мемлекеттік қаражатты, шетелдік инвестицияларды, сондай-ақ мемлекеттің кепілдігімен алынған займдарды пайдалану тетіктерінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Биржа жұмысын және бағалы қағаздар рыногын жетілдіру.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында монополияны азайту және бәсекелестік тудыру.

Ұлттық компаниялар мен табиғи монополия субъектілерінің қаржы қызметінің қорытындылары туралы жыл сайынғы есеп беруді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды тәжірибеге енгізу.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін келісімдер мен келісім-шарттарды жария түрде бұзуды, рұқсаттар мен тіркеу актілерін жария түрде алуды тәжірибеге енгізу.

Еліміздің несиеге қабілетсіз және қаржы жағынан орнықсыз кәсіпорындарының кадастрін жасау.

Шетелдік компаниялармен жасасатын келісім-шарттардың ашықтығын және олардың орындалу барысы туралы материалдарды жариялап отыруды қамтамасыз ету.

Тікелей инвестицияларға жеңілдік беру тетігі туралы жариялау және түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Мемлекеттің тәуелсіз сыртқы және ішкі қаржы аудиті жүйесін жетілдіру.

Азаматтардың көпшілігінің мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық және әкімшілік ақпаратқа, соның ішінде ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қол жеткізуін қамтамасыз ету.

#### 5.2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аймақтық бағдарламалары

Бағдарламаны іске асыру үшін аймақтық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиісті бағдарламалары әзірленіп, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бекітеді, оларда аймақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттің негізгі бағыттары, қаржыландыру көздері айқындалып, оны іске асырудың іс-шаралары жасалады.

#### 5.3. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесін нығайту

Құқық қорғау органдары мен сот қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін жүзеге асыру.

Құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейін көтеру, осы заманғы ақпараттық технологияларды енгізу.

Кадрларды іріктеу даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру. Даярланған кадрлардың құқық қорғау органдарынан кетуіне қарсы тұратын, кәсіби қабілетті ұйытқы топты қалыптастыру мен нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай ретінде институционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды ашу және тергеу жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өзекті мәселелеріне ғылыми-практикалық зерттеулерді үнемі жүргізіп отыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы табысты іске асқан елдерде қазақстандық мамандардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру.

#### 5.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты насихаттау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыру барысы туралы жұртшылықты үнемі хабардар етіп отыру.

Қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қолданылып жүрген заңнама ережелерін түсіндіру.

Меншік нысандары мен ведомстволық қарастылығына қарамастан, республикадағы жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәсілдері жөнінде лекциялар курсы енгізу.

Бұқаралық ақпарат құралдарында аймақтарды, салаларды, ведомстволарды өзара салыстыруға мүмкіндік беретін сыбайлас жемқорлық деңгейі индекстерін жасау, үнемі қолдану және пайдалану.

Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының отандық бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз ынтымақтастығы.

Құқық қорғау органдарының беделі мен рөлін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көтеру, кең ауқымды насихаттау жолымен азаматтардың заңды мойындаушылық, заң бұзушыларға, соның ішінде сыбайлас жемқорларға төзбеушілік сезімдерін тәрбиелеу.

Басқа елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты іске асырылған бағдарламаларды танымал ету.

#### 5.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында шет мемлекеттермен, халықаралық және өзге де үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтерінің және шет мемлекеттердің осындай ұқсас құрылымдарымен өзара іс-қимылын кеңейту, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін анықтау, алдын алу және жолын кесу мақсатында бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру.

Халықаралық бағдарламаларға қатысу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған халықаралық келісімдер жасасу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында мемлекеттік органдардың қызметіне, кадрлар даярлау мен қайта даярлауда тәжірибе алмасуда, перспективалы бағдарламалар әзірлеуде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі халықаралық кездесулер мен жиындар жұмысына қазақстандық мамандардың қатысуына қолдау көрсету үшін халықаралық ұйымдардан және донор елдерден техникалық және өзге де көмек т а р т у .

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын жетілдіру процесіне халықаралық ұйымдарды сарапшы ретінде тартудың пәрменді тетігін әзірлеу және енгізу. Бұл ұйымдардың республикада осы мәселе бойынша іске асырып жатқан оқу бағдарламаларына, жиындарына жан-жақты қолдау көрсету.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында ұлттық заңдардың (бірінші кезекте ТМД-ға қатысушы мемлекеттер) экономикаға мемлекеттің қатысуындағы , бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарын енгізудегі, кадрлар даярлаудағы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар әзірлеудегі өзара іс-қимылында, насихаттау шараларын жасау мен іске асыру мәселелері бөлігінде т ү й і с т і р у .

"Көлеңкелі экономикаға" және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесін зерделеу, қорыту және енгізу.

## **6. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен әзірленетін болады. Жоспарда нақты шаралар, орындалу кезеңдері мен мерзімдері, жауапты құрылымдар, қаржыландыру көздері айқындалады. Жоспардың нақты тармақтарын іске асыруда үйлестіру мен өзара іс-қимыл жасау үшін негізгі орындаушылары мен бірлесіп орындаушылары айқындалған мемлекеттік органдар өкілдерінен тұратын жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

Іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына кедергі болатын себептер пайда болған кезде, орындаушы үйлестірушілермен келісім бойынша Үкіметке оларды іске асыру мерзімдерін өзгерту не орындаудан алып тастау туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і .

Бағдарламаның іске асырылуын бақылауды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады.

## **7. БАҒДАРЛАМАНЫ РЕСУРСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Бағдарламаның қаржылай шығындарды талап ететін іс-шараларын іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражат есебінен әрбір мемлекеттік органға тиісті жылға бөлінген сома шегінде, сыртқы қарыз алу, сондай-ақ халықаралық ұйымдардан және донор елдерден техникалық және консультациялық көмек желісі бойынша тартылған ресурстар есебінен жүргізіледі.

## **8. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

С а я с и к ү т у л е р :

билікке сенімді нығайту;

жекелеген топтық мүдделердің мемлекеттік саясатқа сәйкес келмейтін, басқару шешімдерін қабылдауға ықпалын төмендету;

халықаралық аренада елдің беделін нығайту;

нақты саяси бәсекелестікті күшейту, демократиялық институттардың әлсіреу қ а т е р і н а з а й т у .

Э к о н о м и к а л ы қ к ү т у л е р :

көлеңкелі экономиканың әрекет ету аясын тарылту, салық түсімдерін ұлғайту, б ю д ж е т с а л а с ы н ны ғ а й т у ;

нақты бәсекелестік тетіктерінің іске қосылуы, қоғамда нарық идеяларының н ы ғ а ю ы ;

жеке меншік иелерінің, бірінші кезекте шағын және орта бизнестегі санының ө с у і ;

"үстеме шығыстар" деп аталатындарды жою есебінен бағалардың тұрақтануы ;

кәсіпкерлік ортада атқарушы биліктің қабілетіне сенімді нығайту, "ойынның адал ережелерін" қалыптастыру және сақтау.

Ә л е у м е т т і к к ү т у л е р :

мемлекет пен қоғам өмірін реттеудің негізгі құралы ретінде құқықты қалпына келтіру, азаматтардың қылмыскерлерден қорғалу сезімін нығайту;

мүліктік теңсіздіктің өсіп, әрі оның салдарынан кедейліктің өсуі, халықтың люмпендік жағдайға түсу қарқынын, әлеуметтік қақтығыстардың пайда болу ы қ т и м а л д ы л ы ғ ы н т ө м е н д е т у ;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың, ұ й ы м д а с қ а н қ ы л м ы с т ы ң а з а ю ы ;

әлеуметтік шиеленістің азаюы, елдегі әлеуметтік және саяси тұрлаулылықтың нығаюы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК